

ХАТТАМА №4

Қамқоршылық кеңес отырысы

«№12 балабақша – бастауыш мектеп» кешені» КММ

15 мамыр 2019 жыл

Қатысқандар:

Қамқоршылық кеңестің төрағасы: Сенби Сұлтанбай

Қамқоршылық кеңестің мүшелері: Тайпин Мади Шойынбекұлы

Жургенбаев Жолдас Куттыбаевич

Тулепбаева Самал Дулатовна

Дошанова Нэлля Нуруллаевна

Мустафаев Бегимхан Серикбаевич

Агзамова Жанар Арғынғалиқызы

Елеусизов Ашим Кабыланұлы

Нуралина Венера Ануарбековна

Мектеп әкімшілігі: мектеп директоры Жұмабай Т.А. ДТІЖО – Шматова Н.Б

Қатыспаған: жоқ

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қамқоршылық кеңес жұмысының қорытындысы.
2. Мектеп директорының алдағы уақытта мектепті көркейту бойынша даму бағдарламасымен таныстыруы.

Тыңдалды: *Бірінші сұрақ бойынша* Қамқоршылық кеңес төрағасы Сенби Сұлтанбай сөз сөйледі. Ол өз сөзінде мектепшілік қамқоршылық кеңес қоғамдық бастамалар ұйымы ретінде жұмыс атқаратынын, мектеп әкімшілігімен тығыз жұмыс істейтіндігін, 2018-2019 оқу жылында қамқоршылық кеңестің басымдық танытқан бағыттары: мектеп оқушыларының қауіпсіз тәрбиеленуі мен білім алуына көмек беру, мектепшілік іс – шараларға, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқандарын айтып кетті. Сонымен қатар, мектебіміздегі белгілі бір санаттағы оқушыларға өз тараптарынан жаңа жылдық сыйлықтар сыйлап, ойын-сауық орталықтарына 50% жеңілдік алуға ат салысқандарына тоқталды. Кеңес қаржылай тараптан гөрі, демеушілік көмек көрсеткедерін атап көрсетті. Қамқоршылық кеңес мүшелері жыл сайын өтетін республикалық «Қамқорлық» акциясына азық-түлік ретінде 30 отбасыдан көмектерін аямады. Демеушілік еткендер: «Мерей», «777» дүкендерінің иелері.

Екінші сұрақ бойынша мектеп директоры Жұмабай Тоқташ Абсағатұлы сөз сөйледі. Ол өз сөзінде балабақшада – 40 тәрбиеленуші, даярлық сыныптарда - 77 тәрбиеленуші, 1-4 сыныптарда 315 оқушы, барлығы – 432 оқушы бар

екендігін, оқушылардың білім сапасы қазіргі таңда 59% құрайтынын, 2019-2020 жылға білім сапасын – 61% жеткізуді көздейтінін баяндады. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мектеп мұғалімдерінің кәсіби құзіреттілігін дамыту, мұғалімдердің қажеттіліктерін анықтап, өзара қолдау көрсету, бірлесе әрекетті іске асыратынын айтты. Сондай – ақ, мектептің материалдық - техникалық жағдайын жақсарту үшін қосымша ғимарат салу қажет, балабақша бөлмелерін кеңейту қажеттілігін, балаларға ойын алаңдарын үлкейту, мектеп жертөлесін реттеу, тазалау жұмыстарын қолға алатынын айтып өтті. Биылғы оқу жылында 2 принтер, музыкалық аппарат, 2 моноблок, шаңсорғыш, 2 кілем, 40 парта және орындық, теледидар, 10 шкаф, балабақшаға төсек жабдық, жылу торабына 350 000 тг. жөндеу жұмыстары жүргізілгенін айтты. «Сондай – ақ, 5 000 000 тг. көлеміндегі қаражатқа мектепке техникалық жөндеу жұмыстары жүргізіледі» – деді. Сөз соңында алдағы уақытта Қамқоршылық кеңес пен ата – аналар комитетінен тығыз жұмыс жасайтынын атап кетті.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңес мүшелері мектеп әкімшілігімен, сондай - ақ ата-аналарымен тығыз байланыста жұмыс жасауын жалғастырсын.
2. Мектеп директоры Т.Жұмабайдың алдағы уақытта мектепті көркейту бойынша даму бағдарламасын жүзеге асыруда қамқоршылық кеңес тарапынан мүмкіндігінше қолдау көрсетілсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:




Сенби Сұлтанбай


Қамқоршылық кеңес мүшелері:




Тайпин Мади Шойынбекұлы




Жургенбаев Жолдас Куттыбаевич



Дошанова Нэлля Нуруллаевна




Мустафаев Бегимхан Серикбаевич



Агзамова Жанар Арғынғалиқызы



Елеусизов Ашим Кабыланұлы



Нуралина Венера Ануарбековна

Қамқоршылық кеңес хатшысы:



Тулепбаева Самал Дулатовна